



1 дәріс: «Аудиттің мағынасы, мақсаты және міндеттері»

Дәріс сұрақтары:

Аудиттің пайда болуы мен дамуы.

Аудиттің мәні мен маңызы.

Аудит түрлері

Аудиттің пайда болу тарихы

- Аудиттің бірнеше ғасырлық тарихы бар. Ең алғаш тәуелсіз аудиторлар XIX ғасырда Еуропаның акционерлік қоғамдарында пайда болған.
- Аудиторлар институтының пайда болуы шаруашылық қызметінің дамуы себепті есеп ақпараты сапасын тәуелсіз бақылаудың деңгейіне қойылатын талаптың жоғарылағандығымен байланысты. Осыған жауап ретінде Англияда бақылаушылар (аудиторлар) институты пайда болады. Тарихта бұл институт жайлы 1299 жылы алғаш айтылады.
- **«Аудит»** терминінің түп тегі латын тілінің **«auditor»** сөзінен шыққан және сөзбе-сөз аударғанда «тыңдаушы» дегенді білдіреді. Мұның себебі, сол уақыттағы лауазымды тұлғалардың көпшілігі сауатсыз болғандықтан, жазбаша құжаттар емес, тексерілетін тұлғалардың ауызша берілген мәліметі тексерілген.

Қазақстан Республикасында аудиттің пайда болуы

Қазақстан Республикасында аудит фирмасы алғаш рет 1990 жылы Қазақстан Кеңес өкіметінің Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша құрылды (15.11.1990ж. №60). Осы қаулы негізінде Республиканың Қаржы Министрлігі жағынан шаруашылық есеп принциптерінде аудит орталығы «Қазақстан аудит» фирмасы ашылды, ал облыстарда оның территориялық бөлімшелері құрылды. 1992 жылдан бастап дербес акционерлік компания болып Республикамыздағы барлық түрдегі меншіктегі кәсіпорындарға, мекемелерге аудиторлық қызмет көрсетіп отыр.

Қазіргі кезде біздің елімізде Еуропалық «үлкен алтылық» тобының филиалдары жұмыс істейді. Сонымен қатар, біздің елдің аудит фирмасы да қосылып аудит жұмысын жасайды. Соның салдарынан аудит қызметінде тағы басқадай қызмет көрсетудің сапасы көтеріліп отыр.

Аудиторлық қызметтің мәні мен мақсаты

- **Аудит** – бұл Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген талаптарға сәйкес заңды тұлғалардың қаржылық есептіліктерінің сенімділігі мен шынайылығы жөнінде тәуелсіз пікір қалыптастыру мақсатында жүргізілетін тексеріс.
- **Аудиторлық қызметтің мәні** – ол аудиторлардың немесе аудиторлық фирмалардың клиенттерге келесі қызметтерді ұсынуы бойынша кәсіпкерлік қызметі:
 - қаржылық есептілікті, есептік – төлем құжаттамаларды тәуелсіз тексеру;
 - кеңес беру;
 - бухгалтерлік есепті жүргізу және оны қалпына келтіру;
 - ұйымның активтері мен міндеттемелерін бағалау;
 - салық декларациясын құру;
 - шаруашылық – қаржылық қызметіне экономикалық талдау жасау;
 - және тағы басқалары.
 - **Аудиттің мақсаты** – аудиторға қаржылық есептіліктің және оны құрудың бекітілген концептуалдық негізіне сәйкес, барлық маңызды аспектілері бойынша олардың әзірленуі туралы қорытынды жасауға (пікір қалыптастыруға) мүмкіндік беру болып табылады. Алайда, аудиттің мақсатына берілген әдеттегі анықтамаға қарамастан, іс жүзінде клиенттің аудиторға қойған талабы – аудиттің мақсаты болуы керек.

Аудиттің қажеттілігі мен негізгі міндеттері

- **Аудиттің қажеттілігі** қаржылық есептілікті пайдаланушылардың мүдделеріне негізделеді. Ақпаратты пайдаланушылар ішкі және сыртқы болып екі топқа бөлінетіні мәлім. Ішкі пайдаланушыларға дұрыс басқару шешімін қабылдауы үшін ешбір қатесіз және ауытқусыз шынайы қаржылық ақпарат қажет. Сонымен бірге, ұйымның қаржылық жағдайына сыртқы пайдаланушылар да өз мүдделеріне байланысты қызығушылық білдіреді.
- **Аудиторлық қызметтің негізгі міндеті** экономикалық субъектілердің қаржылық – шаруашылық қызметін реттейтін заңдылықтардың сақталуының сапалы тексерілуін қамтамасыз ету, бухгалтерлік есепті жүргізу, есептілік құру және ақпаратты пайдаланушыларды кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Іскерлік ортада есеп мәліметтері аудиторлық қорытындымен расталмаған кәсіпкерлерге сенім аз болады.

- Аудиттің мәнін, құрылу қағидаларын, ұйымдастырылу нысандарын, жүргізу әдістерін тереңдетіп зерттеу мақсатында оның жіктемесі жасалады.
- Аудит жіктемесі әдетте келесі белгілерге негізделеді:
 - - функционалдық сипаты,
 - - мақсаттылығы,
 - - мазмұны,
 - - объектілері,
 - - тексеру уақыты,
 - - түрі және әдістері бойынша.
- Дәстүрлі жіктемеге түрлері, субъектілері, жүргізу техникасына, нысаны мен әдістеріне қарай жіктеу жатады.

Аудиттің жіктелуі

Жіктеу белгілері				
Аудит субъектілері бойынша	Тағайындалуы бойынша	Заңнама талаптарына сәйкес	Аудитті жүргізу техникасына байланысты	Жүргізу кезектілігіне (мерзіміне) байланысты
Жіктеу белгілерінің құрамдас бөліктері				
Ішкі Сыртқы	Қаржылық есептілік аудиті Бекітілген критериилерге сәйкес келу аудиті Арнайы (экологиялық және т.б. аудит)	Міндетті, Бастамашылық	Құжаттар мен активтер инспекциясы Зерттеу Талдамалық есептеулер және тексерулер	Бастапқы Келісілген (қайталанушы)

- **Ішкі аудит** басқару есебінің маңызды ажырамас элементі болып табылады.
- Аудиттің негізгі пайдаланушылары кісәпорынның, фирманың, компанияның ішінде болғандықтан ішкі аудит деп аталады. АҚШ ішкі аудиторлар институты ішкі аудитке келесі анықтама береді: «Кәсіпорынның өз мүддесі үшін өз жұмысын тексеруге және бағалауға арналған тәелсіз қызметі ішкі аудит болып табылады».
- **Сыртқы аудитті** сыртқы тәуелсіз аудиторлар немесе аудиторлық фирмалар әр түрлі ұйымдармен, олардың меншік нысанына және ведомстволық бағынушылығына қарамастан, келісім – шартқа тұру негізінде іске асырылады.
- Сыртқы аудиторлар ұсынатын ақпаратты пайдаланушыларға шаруашылық субъектісінің төлем қабылеттілігін тәуелсіз аудиторлық бағалауды қажет ететін банктер мен әр түрлі кредиторлар жатады. **Екіншіден**, кәсіпорынның мүліктік жағдайы және оның қаржылық – шаруашылық қызметі туралы мәліметті қажет ететін салық қызметі, қаржы полициясы тәрізді мемлекеттік билік және басқару органдары кіреді. **Үшіншіден**, сыртқы пайдаланушыларға биржалық операциялар қатысушылары жатады. Оларға кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы ақпарат қажет, өйткені, ол акцияның биржадағы бағасына тікелей әсер етеді және т.б.

- **Қаржылық есептілік аудиті** – субъектінің қаржылық есептілігінің сенімділігі туралы аудиторлық қорытынды беру мақсатында тексеру жүргізу.
- **Бекітілген критерийлерге сәйкес келу аудиті** кәсіпорында заңдылықтардың бекітілген шарттардың, ережелердің, нормалар мен нормативтердің сақталуына тексеріс жүргізу. Аудиттің бұл түрі көбінесе белгілі бір критерийлерді бекіткен органның талабы бойынша жүргізіледі.
- **Арнайы аудит** - субъекті қызметінің кейбір жақтарын, олардың мемлекет алдындағы бекітілген нормалар мен міндеттемелерінің, белгілі бір процедуралардың орындалуын тексеру.
- **Міндетті аудит** – кәсіпорынның қаржылық есептілігін тексеру мақсатында сыртқы ұйымның талабы мен тапсырысы бойынша міндетті түрде жүргізілетін аудит.
- ҚР «аудиторлық қызмет туралы» Заңына (№ 304-1, 20.11.1998ж.) сәйкес келесі ұйымдарда міндетті аудит жүргізіледі:
 - банктер;
 - несиелік серіктестіктер;
 - банк операцияларының кейбір түрлерімен айналысатын ұйымдар;
 - табиғи монополия субъектілері;
 - шетел капиталы қатысатын кәсіпорындар;
 - сақтандыру ұйымдары және басқалары;
 - ұлттық компаниялар.

- **Бастамашылық аудит** экономикалық субъектінің бастамасы бойынша аудитормен (аудиторлық фирмамен) келісім – шартқа тұру арқылы жүргізіледі. Мұндай тексерістің сипаты мен көлемін клиент анықтайды.
- Аудит жіктемесінің келесі белгісі – аудитті жүргізу техникасына байланысты аудиторлық дәлелдеулерді жинақтаудың келесі тәсілдері бар:
- **Зерттеу** – бұл бақыланатын объектінің тұрған жерінде нақты жағдайымен танысу арқылы жүргізілетін әдістемелік тәсіл. Ол мысалы, қойма шаруашылығының, өрт қауіпсіздігінің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының және т.б. жағдайын тексеру мақсатында жүргізіледі.
- **Инспекция** – бұл алғашқы құжаттар мен есеп тіркемелеріндегі бухгалтерлік жазулардың, қаржылық есептеменің толтырылу және құрастырылу дұрыстығы мен заңдылығын, сонымен бірге, ұйымның материалдық активтерінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуын тексеру.
- **Талдамалық тексерулер** – бұл кәсіпорынның қаржылық – шаруашылық қызметінің маңызды көрсеткіштерін ішкі резервтер мен ұйымның ары қарай даму перспективасын анықтау мақсатында бухгалтерлік құжаттар мен қаржылық есептіліктің, жедел, статистикалық және басқа да мәліметтер негізінде экономикалық талдаудың әдістерінің көмегімен жан жақты зерттеу.

- **Есептеулер** – өз бетінше жекелеген көрсеткіштерді есептеп шығару арқылы бухгалтерлің құжаттардағы сандық жазулардың дәлдігін арифметикалық тексеру үшін қолданылады. Мысалы, Жинақ зейнетақы қорына аударымдардың, корпорациялық табыс салығы, жеке табыс салығы бойынша есептелген салық сомаларының дұрыстығын тексеру..
- **Алғашқы аудит** – клиент үшін алғаш жүргізіліп отырған аудит. Аудиттің бұл түрі аудиттің тіуекелділігін және уақыт шығынын өсіреді. Өйткені, аудиторларда клиент қызметінің ерекшеліктері, оның ішкі бақылау жүйесі туралы қажетті ақпарат болмайды.
- **Келісілген (қайталанушы) аудит.** Бұл аудитордың (аудиторлық фирманың) қайта өткізіп отырған немесе осы клиентке тұрақты жүргізілетін аудит түрі. Сондықтан аудитор клиент қызметінің ерекшеліктерін, оның бухгалтерлік есебінің оң және теріс жақтарымен жақсы таныс болады.